



**Автор:** Гүлназ Школова Байпатшақызы

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 10-сынып

**Бөлім:** Қазақтың Қанышы

**Тақырып:** М.Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман –эссе Ұлытау жоталары

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	10.1.1.1. әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Тілдік құзіреттілік	әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектері
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Пәнаралық байланыс	тарих, қазақ тілі.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары» Бірнеше құттықтау қағаздарын топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут «Өзі туралы кластер» тренинг Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б	1-топ: Жазушылар 2-топ: Зерттеушілер «Өзі туралы кластер» тренинг, қағаздар, қалам
Жаңа білім (10 минут)	Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Жариялау» әдісі (Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 минут) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.) Проблемалық сұрақ:	Оқулық, мәтіндер.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы (10 минут)	<p>Қолдану</p> <p>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау</p> <p>Талдау «Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Тапсырма Топ ішінде «Әдеби шеңберге» қатысыңыз. Мына бөлімдерін талқылаңыз. Дереккөз: Ұлытау жоталары 1) Талқы себепшісі – роман бойынша (кейіпкерлері, сюжеті, қарым-қатынасы, автор позициясы, т.б. бойынша) 5 сұрақ құрастырады. 2) Белгілеуші – жырдың қай бөлімі ең маңызды деп санайды, ойын дәлелдейді. 3) Байланыстырушы – оқиғалардың бірін өмірмен байланыстырады, дәлелдейді. 4) Қорытындылаушы – көтерілген мәселені қорытындылайды. Дескриптор Білім алушы - рөлдік тапсырмаға қатысады; - шығарма сюжетін анықтайды; - жыр бөлімдерін талдайды. Венн диаграммасы.</p>	Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер «Ыстық орындық» орындық әдісі, сұрақтар, орындық.
Аяқталуы Сабақты бекіту (10 минут)	Синтез «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі	«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі
Бағалау (5 минут)	Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл.	
Кері байланыс (3 минут)	«Рефлексиялық шеңбер» Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?	Рефлексиялық шеңбер